



**«М.ӨТЕМІСОВ атындағы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

**М.Өтемісов атындағы БҚУ
ғылыми кеңесінің
2023 жылғы «25» қыркүйегіндегі
№1 хаттамасының шешімімен
бекітілді**

**БІРЛЕСКЕН/ҚОСДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ
ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Орал қ., 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы
2. Негізгі терминдер және олардың анықтамалары
3. Жалпы ережелер
4. Бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі
5. Қосдипломды білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру
6. Қосдипломды білім беру бағдарламаларына түсу және есепке алу тәртібі
7. Қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру үшін құрылымдық бөлімшелердің жауапкершілігі
8. Сілтемелер

1. Қолдану саласы

Осы Ереже М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібін айқындайды.

Ереже құрылымдық бөлімшелерге, университетте бірлескен білім беру бағдарламалары мен қосдипломды бағдарламаларын жүзеге асыратын тұлғаларға арналған.

2. Негізгі терминдер және олардың анықтамалары

Академиялық күнтізбе – демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу жылы ішінде өткізілетін оқу және бақылау іс-шараларының, практикалардың күнтізбесі.

Транскрипт – кредиттер мен бағаларды әріптік және цифрлық түрде көрсете отырып, тиісті оқу, практикадан өту, тағылымдамадан өту кезеңінде білім беру бағдарламасының игерілген құрамдас бөліктерінің тізбесін қамтитын құжат.

Серіктес ЖЖОКБҰ – М.Өтемісов атындағы БҚУ білім және ғылым саласындағы бірлескен қызмет туралы жасасқан шетелдік немесе қазақстандық (келісім, меморандум) шарт.

Бірлескен білім беру бағдарламасы – екі (немесе одан да көп) ЖЖОКБҰ – серіктестер (қазақстандық немесе қазақстандық және шетелдік) әзірлеген және іске асыратын, бағдарламаны сәтті меңгерген түлектерге жоғары білім туралы тиісті құжаттарды (транскрипттер, сертификаттар) бере отырып, екі (немесе одан да көп) ЖЖОКБҰ бірлескен дәрежелерін (біліктіліктерін) беруді көздейтін білім беру бағдарламасы.

Қосдипломды бағдарлама – қосдипломды білім беру – екі баламалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында білім беру бағдарламалары бойынша қатар білім алу мүмкіндігі.

Онлайн-оқыту – білім алушы кеңістіктік және уақыттық қашықтыққа қарамастан педагог пен білім алушы арасындағы өзара іс-қимыл үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және интернет арқылы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алатын кадрларды даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны.

Қосдипломды бағдарламалар – әріптес ЖЖОКБҰ-ның білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығы мен үндестірілуіне негізделген және бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу үдерісін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктілік сияқты мәселелер бойынша тараптардың ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.

Кредиттерді трансферттеудің (аударудың) және жинақтаудың (ECTS) Еуропалық жүйесі – білім беру траекториясын, ЖЖОКБҰ мен оқу елін ауыстыру кезінде оларды салыстыру және қайта есепке алу (кредиттер

мен бағалар) жүзеге асырылатын ББ (модуль/пәндер, практика) компоненттерін құрайтын кредиттік бірліктерді (кредиттерді) беру тәсілі.

Жеке академиялық ұтқырлық – білім алушыны, ПОҚ, АУП және ғылыми қызметкерді белгілі бір кезеңге оқыту, практика мен тағылымдамадан өту үшін басқа шетелдік білім беру және ғылыми мекемеге ауыстыру.

Жеке оқу жоспары – білім алушының әрбір оқу жылына эдвайзердің көмегімен ББ және ЭПК негізінде қалыптастырылатын оқу жоспары.

Кредиттік оқыту технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқу реттілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

Ынтымақтастық туралы меморандум – М.Өтемісов атындағы БҚУ және серіктес ЖЖОКБҰ – арасындағы екіжақты келісім – жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылым және инновациялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ профессор-оқытушылар құрам қызметкерлері арасында тәжірибе алмасу мақсатында белгілі бір мерзімге жасалған шарт.

Келісім/Бірлескен іс – шараларды іске асыру туралы шарт/қосдипломды білім беру бағдарламасы (Келісім) – М.Өтемісов атындағы БҚУ және ЖЖОКБҰ бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша шарттарды, құқықтарды және міндеттемелерді қамтитын келісім.

3. Жалпы ережелер

Бірлескен/қосдипломдық ББ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы серіктес ұйымдардың білім беру бағдарламаларының салыстыруға және үндестіруге негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын анықтау, білім беру үдерісін ұйымдастыру берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарлама.

Бірлескен/қосдипломды ББ серіктес ЖЖОКБҰ арасындағы келісім-шарт (кемінде екі ЖЖОКБҰ) негізінде әзірленеді, бұл ретте ЖЖОКБҰ серіктес М.Өтемісов атындағы БҚУ даярлау бағыттары бойынша кадрлар оқытуды жүзеге асыруы тиіс, олар бойынша бағдарлама құрылады және осы операция бойынша оқуға лицензиясы бар.

Бірлескен/қос дипломды білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру мәселелерін реттейтін негізгі құжат бағдарламаға қатысушы жоғары оқу орындары жасасатын келісім/меморандум/шарт болып табылады.

Жасалатын келісім екі талапқа сай болуы керек:

– әріптес жоғары оқу орындары орналасқан елдердің қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеу;

– бірлескен/қос дипломды білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде тараптардың өзара қарым-қатынасын реттеу үшін елеулі және барлық өзге де қажетті жағдайларды қамтуға міндетті.

Бірлескен/қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсаттары:

– берілетін дәрежелер мен біліктіліктерді өзара тану негізінде жетекші серіктес ЖЖОКБҰ-мен бірлесіп жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар жоғары білікті кадрларды даярлау;

– Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің халықаралық білім беру кеңістігіндегі тартымдылығын арттыру;

– Болон процесінің қағидастарына сәйкес университеттік білім беру бағдарламаларын модернизациялау;

– серіктес ЖЖОКБҰ-ның оқу-әдістемелік, педагогикалық, материалдық-техникалық, ақпараттық және зияткерлік ресурстарын біріктіру.

Қосдипломды білім беру бағдарламасы білім алушыларды қабылдаудың үлгілік қағидаларының талаптарын және серіктес ЖЖОКБҰ – талаптарын ескереді.

4. Бірлескен және қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәртібі

Факультеттер (декандар, білім беру бағдарламаларының жетекшілері/кафедра меңгерушілері) бөліммен бірлесіп халықаралық байланыстар және көптілділік кадрларды даярлау бағыттары бойынша серіктес жоғары оқу орындарын іздестіру жөніндегі іс-қимылдарды келіседі және олармен хат алмасуды жүргізеді.

Бірлескен/қос дипломды ББ әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стандарттарының талаптары және серіктес ЖЖОКБҰ ұйымының талаптары ескеріледі.

Бірлескен/қосдипломды ББ әзірлеу және бекіту рәсімі М.Өтемісов атындағы БҚУ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады (Білім беру бағдарламаларын қалыптастыру туралы ереже) серіктес ЖЖОКБҰ – мен келісілгеннен кейін және ЕРVO платформасындағы білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізіледі.

Әзірленген бірлескен/қосдипломды жұмыс Ғылыми кеңесте немесе серіктес ЖЖОКБҰ – ның әрқайсысының басқа алқалы органында талқыланады және бекітіледі.

Білім беру бағдарламалары келесі шарттарға сай болуы керек:

– бағдарламаларды екі немесе одан да көп ЖЖОКБҰ бірлесіп әзірлейді және мақұлдайды;

– ЖЖОКБҰ білім алушысы дайындықтың белгілі бір бағыты бойынша бір немесе бірнеше ЖЖОКБҰ – да оқудың бір бөлігін өтеді.

Қосдипломды бағдарламалар - серіктес университеттердің білім беру бағдарламаларын салыстыруға және үндестірілуіне негізделген және бағдарламаның мақсаттарын айқындау, оқу жоспарын дайындау, оқу үдерісін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктілік сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.

Бұл ретте қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары:

- ✓ екі серіктес университеттің келісілген білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын әзірлеу және бекіту. Әрбір серіктес университет модульдерін әзірленуін, олардың ақпараттық, әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді;

- ✓ Серіктес ЖЖОКБҰ-да қосдипломды білім беруде енгізілген білім беру бағдарламасының білім алушылардың игеруі;

- ✓ міндетті сапаны қамтамасыз етудің уағдаластықтары, жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде серіктес ЖОО-да оқу кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде тану және автоматты түрде қайта есептеу;

- ✓ оқытушылардың қос дипломды білім беруге қатысуы, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеу, оқыту, жалпы қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысу.

Қосдипломды бағдарламалар М.Өтемісов атындағы БҚУ өз университетінде және серіктес университетте білім алушыларын қабылдау рәсімдерін қарастырады.

Білім алушыларды қосдипломды білім беру бағдарламасына енгізу рәсімдерін серіктес ЖОО – лар өзара уағдаластықтар негізінде әзірлейді. Бұл рәсімдер білім алушыларды өз ЖОО – да қосдипломды білім беру бағдарламасына қосу процесін және шетелдік білім алушыларды қосдипломды білім беру бағдарламасына қабылдау процесін көрсетеді.

Білім алушыны бағдарламаға қосу қосдипломды білім беру оның өтініші негізінде және серіктес университетпен жасалған келісімге (келісімшартқа) сәйкес жүзеге асырылады.

Қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізілген шетелдік білім алушылар "енгізілген білім" деген ерекше белгісі бар және оқу кезеңін, мерзімін, пәндер санын және игерілетін кредиттер көлемін көрсете отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас рәсімдерінен өтеді.

Білім алушының жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізбесін, олардың еңбек сыйымдылығын (кредиттермен және сағаттармен), семестрлер бойынша бөлуді, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары - олар игерілетін серіктестер, қайта есептеу тәртібін қамтиды.

Екі білім беру бағдарламасының пәндерін қамту білім алушылардың жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Білім алушы практиканың барлық түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан толық көлемде өтеді.

Бағдарламаны басқарудың жалпы құрылымында әрбір ЖОО – серіктес немесе ЖОО факультеті білім алушылар үшін де, оқытушылар үшін де күндізгі және (немесе) қашықтықтан сабақ өткізу үшін жағдай жасайды.

Қосдипломды білім беру бағдарламалары бойынша оқыту кезінде әртүрлі оқыту технологияларын, онлайн – оқытуды пайдалануға болады.

М.Өтемісов атындағы БҚУ қосдипломды білім берудің оқу жоспарларын әзірлеу кезінде серіктес университет пәндердің тәртібін, оқу және кәсіптік тәжірибеден өтуді, аралық аттестаттау рәсімдерін қоса алғанда, оқу траекториясын дербес анықтайды.

Бағдарламаларды әзірлеу кезінде қосдипломды білім беруде міндетті құрамдас пәндерді меңгерудің еңбек сыйымдылығы мақсаттылық және кәсіптік бағдар беру қағидаттары негізінде әріптес жоғары оқу орындарының келісімі бойынша ұлғайтылуы мүмкін.

Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптарды орындағаннан кейін білім алушыға академиялық дәреже беру туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және уағдаластықтар негізінде екі транскрипт не бір бірлескен диплом беріледі.

Қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру білім беру қызметін реттейтін нормативтік – құқықтық және нормативтік – әдістемелік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

М. Өтемісова БҚУ – да қосдипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру мәселелерін реттейтін негізгі құжаттар болып табылады:

- ✓ М.Өтемісов атындағы БҚУ және серіктес ЖОО-мен арасында жасалатын ынтымақтастық туралы меморандумдар/шарттар/келісімдер;
- ✓ оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбе;
- ✓ білім алушылардың жеке оқу жоспарлары;
- ✓ пәндер бойынша оқу бағдарламалары.

Осы құжаттарды әзірлеу мен бекітудің тәртібі мен нысанын М.Өтемісов атындағы БҚУ және серіктес ЖОО дербес анықтайды.

Қосдипломды білім беру бағдарламалары үшін серіктес ЖОО – ны таңдау кезінде назарға алынады:

- ✓ серіктес ЖОО-да жоспарланған ЖҚЕ түлектеріне берілетін құжатқа сәйкес келетін білімі туралы құжатты беру құқығын беретін ресми лицензияның (және аккредиттеудің) болуы;
- ✓ серіктес жоғары оқу орындарының рейтингі, қызмет салалары, жоғары оқу орнының мамандануы;
- ✓ серіктес жоғары оқу орнының бағдарламаның табысты жұмыс істеуі үшін қажетті кадрлық, ақпараттық және материалдық ресурстармен қамтамасыз ету қабілеті;
- ✓ ҚБББ шеңберінде Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыратын серіктес ЖОО-ның білім алушылары, оқытушылары мен әкімшілік персоналы үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету қабілеті;
- ✓ ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін жақсы материалдық-техникалық және зертханалық базаның болуы және т.б.

М.Өтемісов атындағы БҚУ лицензиясы бар қосдипломды білім беру бағдарламалары бойынша іске асырылады.

5. Қосдипломды білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру

Серіктес ЖЖОКБҰ-да оқу барысында Қазақстан Республикасының білім беру грантына ие болған білім алушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендия алады.

Серіктес ЖЖОКБҰ-да оқу ақысын төлеу (келісім) шарт негізінде жүзеге асырылады.

Қосдипломды білім алушы білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарына кіретін барлық пәндерді меңгереді..

Екі білім беру бағдарламасының пәндерін қамту білім алушылардың жеке оқу жоспарын құру кезінде ескеріледі. Білім алушы практиканың барлық түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан толық көлемде өтеді.

Қосдипломды білім берудің оқу жоспарларын әзірлеу кезінде М.Өтемісов атындағы БҚУ мен серіктес ЖЖОКБҰ – пәндер тәртібін, оқу және кәсіптік практикадан өтуді, аралық аттестаттау рәсімдерін қоса алғанда, оқыту траекториясын дербес айқындайды..

ҚБББ Серіктес ЖОО-да құзыреттердің бір бөлігін игере отырып, іске асырылған немесе тағылымдамадан өткен жағдайда білім алушыларды жіберу туралы шешім ректордың бұйрығымен ресімделеді. Білім беру бағдарламасының модульдік оқу жоспары, сондай-ақ серіктес ЖОО-ның білім алушыларды қабылдауға арналған шарты (келісімі) шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

6. Қосдипломды білім беру бағдарламаларына түсу және есепке алу тәртібі

ҚБББ бойынша оқыту ерікті болып табылады.

Білім алушы ҚБББ бойынша оқу үшін серіктес университетті көрсете отырып өтініш береді. ҚБББ – ға түсу үшін қажетті өтініш нысаны мен құжаттар тізбесі серіктес ЖОО – мен келісіледі.

ҚБББ бойынша оқуға қабылдау студенттің жеке өтініші бойынша серіктес жоғары оқу орындарының әрқайсысында қолданылатын қабылдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады және серіктес жоғары оқу орындарының әрқайсысында түсу емтихандарын тапсыру қажеттілігін көздеуі мүмкін.

Оқуға қабылдау рәсімі М.Өтемісов атындағы БҚУ – да және серіктес университетте жүзеге асырылады.

7. Қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру үшін құрылымдық бөлімшелердің жауапкершілігі

Университет бойынша қосдипломды білім беру бағдарламаларының қызметін үйлестіруді Академиялық қызмет департаментінің директоры, білім беру бағдарламаларының жобалық кеңсесінің жетекшісі жүзеге асырады.

Білім беру бағдарламаларының жобалық кеңсесі жүзеге асыратын жауапкершілік:

- қосдипломды білім беру бағдарламасын әзірлеу;
- Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының Тізіліміне ББ енгізу;
- бірлескен жұмыс оқу жоспарын әзірлеу, оның мазмұнын синхрондау;
- ПОҚ үшін жүктемені бөлу;
- жылдық оқу жоспарын құрастыру;
- шетелдік білім алушыға академиялық және өзге де мәселелер бойынша әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

Халықаралық байланыстар және көптілділік бөлімі мыналарға жауапты болады:

- даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларының жетекшілерімен бірлесіп шетелдік серіктес жоғары оқу орындарын іздестіру;
- қос дипломдық білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру мәселелері бойынша меморандумдар/шарттар/келісімдер жасасу;
- шетелдік білім алушылардың ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) алу рәсімі;
- шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттарды тану (нострификация) арқылы шетелдік білім алушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру.

Ғылым және ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімі мыналарға жауапты болады:

- оқу үдерісін ұйымдастыру, магистранттардың болуы мен үлгерімін мониторингілеу және бақылау;
- магистранттарды шетелдік серіктес ЖЖОКБҰ – ға оқуға және шетелдік білім алушылардың М.Өтемісов атындағы БҚУ-да болуы;
- магистранттар қозғалысы бойынша білім алушыларға қызмет көрсету орталығымен бірлесіп бұйрықтарды ресімдеу;
- университет ААЖ-ға магистранттардың деректерін енгізу.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша осы процестер үшін университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелері жауап береді: білім алушыларға қызмет көрсету орталығы, оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімі.

Транскрипт, білімі туралы диплом беру үшін *офис тіркеуші кеңсесі* жауапты болады.

Білім беру бағдарламаларының жетекшілері/кафедра меңгерушілері университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға жауапты болады.

8. Сілтемелер

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" № 319-III Заңы; өзгерістер мен толықтырулармен (01.01.2024 ж.)
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 жылғы бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты №2 өзгерістермен және толықтырулармен (20.02.2023 ж.)
3. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары" бұйрық №595 2018 жылғы 30 қазаннан бастап; өзгерістер мен толықтырулармен (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы №379 бұйрығы)
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығымен бекітілген "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері", өзгертулер мен толықтырулармен (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 5 сәуірдегі №145 бұйрығы).
5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге басшылық Директордың бұйрығына 1-қосымша Директорлар ҚР ҒЖБМ Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығының 04.05.2023 жылғы №601 бұйрығы
6. Серіктес жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық туралы меморандумдар.

Құрастырушы:

БББ жобалық кеңсесінің жетекшісі  Джангазиева Б.Ж. « 18 » 09 2023 ж.

Келісілді:

Халықаралық байланыстар

және көптілділік бөлімі

Ғылым және ЖОО-дан кейінгі

дайындық бөлімі

АКД директоры

Академиялық мәселелер бойынша

Басқарма мүшесі – проректор



Зубков В.С.

« 18 » 09 2023 ж.




Какишев М.Г.

« 18 » 09 2023 ж.



Глесова А.Б.

« 18 » 09 2023 ж.



Кайсағалиева Г.С.

« 18 » 09 2023 ж.